

**"Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрі"
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына "Ұлттық" мәртебе беру туралы"
Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қарашадағы № 1455 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрі»
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына «Ұлттық» мәртебе беру туралы»
Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан
Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
С. Ахметов

**«Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық
аспаптар оркестрі» республикалық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорнына «Ұлттық» мәртебе беру туралы**

«Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының
Заңы 21-бабының 1-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрі»
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына «Ұлттық» мәртебе берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) «Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрі»
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын «Құрманғазы атындағы Қазақ
мемлекеттік ұлттық халық аспаптар оркестрі» республикалық мемлекеттік қазыналық
к а с і п о р н ы д е п қ а й т а а т а с ы н ;

2) осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н. Назарбаев